

**Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес
ата- аналармен өзара ықпалдастық жұмысының
АНЫҚТАМАСЫ**

1. Балабақшада «Қарлығаш» ортаңғы тобы мен «Балапан» кіші тобында ата – аналарына арналған бұрыштар бар.
Міндеті: ата – аналарға балабақша қызметін насихаттау және таныстыру. Бұл бұрышта ата- аналарға арналған психолог кеңестері, хабарламалар, медбике кеңестері, жаңалықтары жыл бойында жаңартылып қажеттілігіне қарай ілініп отырады. Сондай – ақ, қажет болған жағдайда және кері байланысқа шығу мақсатында интернет желісі арқылы топ (группа) ашылған. Ата- аналар күнделікті тәрбиешімен кері байланыс жасап отырады.
2. Балабақша психологі Р. Ходжакулованың жылдық жоспарына сәйкес ата – аналардан қазан айында «Сіз балаңыздың бос уақытын қалай ұйымдастырасыз?», желтоқсан айында «Отбасындағы салауатты өмір салты», сәуір айында «Балаңыз мектепке дайынба?» тақырыптарында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы психологтің жеке құжаттарында тұрады.
3. Балабақшаның жылық жоспарына сәйкес 2022 жылдың 13 қыркүйек күні балабақшада «Жаңа оқу жылындағы мақсат – міндеттермен таныстыру» мақсатында жалпы ата- аналар жиналысы өтті. Жиналыста күн тәртібіндегі мәселелер қозғалып хаттама түзілді. Ал 2023 жылдың 30 мамыр күні «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында жалпы ата- аналар жиналысы өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер қозғалып балабақшаның қорытынды есебі берілді. Жиналыс өз дәрижесінде өтіп, хаттама түзілді.
4. «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» кіші топтарында қыркүйек айында «Мен бақытты баламын» тақырыбында жоспарлы ата- аналар жиналысы жасалды. Қаңтар айында «Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани – адамгершілік тұрғыдан дамыту» тақырыбында жалпы ата- аналар жиналысы өтті. Мамыр айында «Біздің топтың жетістіктері» тақырыбында қорытынды жиналыс өтті. Жиналыста педагогтардың жылдық есебі тыңдалып, хаттама түзілді.
5. Балабақшаның жылдық жоспарына сай қараша, ақпан және мамыр айларында «Балабақша – бал мекені» тақырыбында ашық есік күндері өтті. Ашық есік күніне ата – аналармен түрлі іс шаралар, дөңгелек стол және спорттық сайыстар өткізілді. Ашық есік күнінің жоспары жасалып, анықтамасы жазылып отырды.
6. Кеңестер: (жылжымалы папкалар)
Жылдық жоспарға сәйкес қыркүйек айында психолог Р. Ходжакулова «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында ата – аналарға кеңес берді. Наурыз айында «Баланы рухани – адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудегі отбасының ролі» тақырыбында әдіскер Р. Жылысбаева ата – аналарға кеңес берді. Сәуір айында «Дұрыс тамақтанудың ережелері» тақырыбында медбике М. Базарбаева ата – аналарға кеңес берді. Ата- аналардың сұранысы бойынша

«Психолог кеңес береді» айдарынан ата – аналарға кеңес берді. Бұл жоғарыдағы аталған кеңестер балабақша психолог Р. Ходжакулованың өз құжаттары салынып отыр.

Әдіскер: *Жылысбаева Р*

Жылысбаева Р